

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік
университеті
Ғылыми кітапхана*


**ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТ
ТҰНҒАН ҰҒЫМ**

Назарбаев, Н.Ә. Тәуелсіздік белестері.- Алматы: Атамұра, 2003.- 335б.




Қадірлі халайық! Мен сіздерге, Қазақстан халқына, қоғамымыздың болашағы мен мемлекетіміздің мұраты хақындағы өзімнің пайымдауымды жолдап отырмын. Мен Сіздерге осынау болашаққа қол жеткізіп, өз мұратымызды іске асыруға жәрдемдесе алады-ау деген сенім ұялататын стратегияны ұсынғым келеді.

***Тәуелсіздік нышандары= Символы независимости/
Б.Ғ.Аязан, А.Ж.Ғабдуллина, М.С.Бекенова, Ж.Н.Қалиев.-
Алматы: Раритет, 2011.- 259 б.***



Тәуелсіздік – бұл мемлекеттің саяси және экономикалық еркіндігі. Қазақ жерінде ежелгі заманнан бері әртүрлі мемлекеттік бірлестіктер өмірсүрген. Ата – бабаларымыз армандаған іргесі мықты, қуатты мемлекет құру идеясы тек 1991 жылы іске асты. Осы жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Декларация қабылданды, қазақстандықтар тұңғыш Президентін сайлады. Жалпыхалықтық сайлаудың нәтижесінде жеңіске жеткен Президент Н.Ә. Назарбаев жасампаздығы мен мемлекеттік басқару институтын құру арқылы, сондай ақ республикамыздың ұлттық ерекшеліктері мен халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, тәуелсіз еліміздің өз даму жолын тандай білді. Осылайша әлемге “Қазақстандық жол” атауын таныта бастады.

Табеев, Қ.М. Қазақтың Желтоқсаны: [деректі хикаяттар мен мақалалар].- Алматы: Дайк-Пресс, 2006.- 326б.



Кітапта ХХ ғасырдың соңына қарай әлемнің Еуразияның бөлігін тугастай алып жатқан кеңестік қызыл империяның іргесін шайналтқан, төрткүл дүниеге серпін берген әйгілі 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасы баяндалады. Ұлт республикаларын жетпіс жылдан астам уақыт бойы тас бұғауда ұстап, сан мыңдаған адамның тағдырын күйреткен тоталитарлық, мемлекеттегі ең алғашқы бас көтерген, ұрпаңа ұран болған тәуелсіздік қарлығаштары — қазаң жастарының ерлігі, оларды қолдаған бүкіл халықтың тағдыр-тауқыметі суреттеледі.


*Тәуелсіздіктің нұрлы таңы: Азаттық поэзиясы /
Құраст. Д. Махат, З. Кәрімхан, Б. Сегізбаев;
Мемлекет тарихы ин-ты.- Алматы: Раритет,
2010.- 239 б*



Оқу – әдістемелік құрал жастарға рухани – патриоттық тәрбие беру мақсатында жасалды. Кітапқа Қазақстанның талантты – танымал ақындарының және шетелдерде елі мен жерін аңсаумен өткізген қандас бауырларымыздың тарих, ел мен жерге деген махаббат, еркіндік пен бостандық тақырыбы арқау болған тәуелсіздік жылдарындағы өлеңдері мен поэмаларынан үзінділер топтастырылды. Іріктеу барысында қазақтың қазіргі көрнекті ақындарын түгел қамти алдық деп айта алмаймыз. Мүмкіндігінше тақырыпқа сай жырларды топтастырғанызыды ескертеміз.

Оқу-әдістемелік құрал студенттер мен оқушыларға, мұғалімдермен оқытушыларға, ұлт тарихын танығысы келетін, қазақ поэзиясын қызыға оқитын жалпы оқырманға арналған

Тәуелсіздік жемісі [Мәтін]: [ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналады] / [құраст. М. Шоқан].- Алматы, 2011.- 255б.



Бұл кітапта Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүргізіп отырған көші-қон саясатын қолдау, қазақ тұтастығы басты мақсат етілген. Тәуелсіздігіміздің айтулы жемістерінің бірі алыс-жақын шет елдерден келген бір миллионға жуық қандастарымыз. Кітапта солардың ортасынан шыққан ғалымдар мен мамандардың, өнер адамдарының, сондай-ақ кәсіпкерлікпен айналысып жүрген азаматтардың отанға қосқан үлестерінің нақтылы нәтижелері көрсетілген. Олардың өмірбаяндарымен қоса үміт-тілектері, ой-пікірлері, патриоттық сезімдері берілген.

**Әбдезұлы, Қ. Тәуелсіздік кезеңі және қазақ әдебиеті:
оқу құралы.- Алматы: Қазақ университеті, 2012.- 242 б.**



Оқу құралында қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан, олжа салған қазақ қаламгерлерінің туындыларындағы замана шындығы, кейіпкер болмысы мен суреткерлік шеберлік мәселелері сабақтас, іштей бірлікте қарастырылады. Туған әдебиетіміздің бүгінгі тыныс-тіршілігі, тақырыптық-идеялық ізденістері де нақты әңгіме арқауына айналады. Сонымен бірге қазақ әдебиеттану ғылымының өсіп-өркендеуіне айрықша үлес қосқан қалам қайраткерлерінің рухани мұрасы жайлы жан - жақты талдауларға құрылған мақалалар да топтастырылған.

**Тұрысбек, Р.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті:
оқу құралы.- Астана: Эверо, 2015**



Оқу құралында тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті, ондағы жанрлар жүйесі, тақырыптық көркемдік ерекшеліктер, тілдік-стильдік сипаттар жан-жақты қарастырылады. Сондай-ақ, ұлттық сөз өнерінің жетекші жанрлары поэзия, проза, драматургия және әдебиеттану, сын саласындағы ізденіс мұраттары, көзқарас пен қолтаңба ерекшеліктері, тақырыптық-жанрлық сипаттар, көркемдік-эстетикалық құндылықтар кең көлемде сөз етіледі. Кеше-бүгін байланысына, дәстүр мен сабақтастыққа, әдеби үдеріске маңыз беріледі.

Кітапта білім-ғылым жүйесінің қазіргі кезеңдегі бағыт-бағдарлары, әр алуан ізденістер мен іргелі зерттеулер табиғаты, көзқарастар мен тәжірибелер тағылымы т.т. кең орын беріледі. Жаңа уақыт рухы, соны көзқарастар сипаты, зерттеу мен зерделеуге қатысты ізденіс мұраттарынан танып-талдау мәнері кеңінен көрінеді. Студенттерге арналған бақылау жұмыстары, ондағы ізденіс пен ойлауға бағытталған сұрақтар да тарихи негізімен, әдеби-ғылыми сипаттарымен назар аудартады. Тест тапсырмалары да білім-ғылым деңгейін, ойлау жүйесі мен көркемдік қабылдауды, дайындық пен тапқырлықтың қыр-сырын терең тануға әсер-ықпал етеді.

Оқу құралы жоғарғы оқу орындарының филология-журналистика мамандықтарының студенттеріне, магистранттар мен ізденушілерге арналған.



Құрметті оқырмандар!
Осы және басқа да кітаптармен ғылыми кітапханада таныса
аласыздар

Құрастырушы: А.Ж. Шаймерденова